

6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының

«Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарын (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» атты

диссертациясына

ПІКІР

Мифология - халық тағдырымен терең байланысып жатқан көне ғасырлардан бастау алатын және адамзат өркениетінің даму барысында үнемі жаңғыру үстіндегі рухани құндылық. Мифологиялық ойлау дәуіріндегі мифтік сана табиғаттағы ой-санаға ие тірі рух ретінде танылғаны белгілі. Поэтикалық ойлау жүйесінде бұл таным трансформацияға ұшырап, түрлі көркемдік мақсаттарға жұмсалды, поэзияға жаңа тыныс әкелді. Ұлттық таным мен этникалық болмысты бейнелейтін мифтік сарындар этностың тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайды.

Ежелгі адамзат баласының әлем туралы түсінігінен туындаған мифтік сарындар бүгінгі әдебиетте көркемдік мақсатта қолданылып, соны әдеби тәсілдерге, жаңа жетістіктерге жетелейді. Ежелгі мифологиялық сарындар ұлттың дүниетанымын, ұлттық сана мен дәстүрлі мәдениетін, этностың рухани-мәдени өмірін, қоршаған орта туралы түсініктерін танытса, қазіргі қазақ әдебиетінде мифтік сарындардың авторлық ойды жеткізуде көркемдік тәсіл ретінде қолданылуы жиі кездеседі.

Диссертациялық зерттеу қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологиялық сарындарды Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы поэзиясы негізінде қарастыруға арналған. Бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындардың реминисценцияланған түрлерін іріктеп, ақындардың көркемдік таным әлемін ғылыми тұрғыдан айқындауы, мифтік мотивтердің сакральді және эзотерикалық негіздерін талдау арқылы мифтік сарындарды ұлттық таным мен этникалық болмысты бейнелейтін, ұлттың дәстүрлі мәдениетін, халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін көрсететін әдеби көркемдік тәсіл ретінде қарастыруы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың «Қазақ поэзиясындағы мифологизм» деп аталатын бірінші тарауында әдебиеттанудағы мифопоэтикалық талдау әдістерінің негіздері, фольклордағы кейіпкерлердің бүгінгі поэзиядағы реминисценциясы, қазіргі поэзиядағы мифтік тотем көріністері қарастырылып, мифтік кейіпкерлердің жазба поэзиядағы бейнесіне компаративистикалық талдау жасалған.

Зерттеудің екінші тарауы «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарын» деп аталып қазіргі қазақ поэзиясында мифологиялық сарынға қалам тербеген ақындар Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Ұлықбек Есдәулет, Жанат Әскербекқызы поэзиясы тұңғыш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып, ақындар шығармашылығындағы мифологиялық сарындар, мифтік мотивтер мен детальдар, ғұрыптық мифологиялық сарындардың жаңғыруы жаңаша қырынан талданған.

Диссертациядағы нәтижелердің теориялық маңызы бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындарды ғылыми тұрғыда талдау арқылы ақындар поэзиясындағы ақындық шеберлік нәтижесіндегі тың бейнелер мен көркем суреттеулерді айқындауынан және мифопоэтикадағы топонимика поэзиясы арқылы ақындардың табиғаттың тылсым сырлары мен көркем шырайын үндестікте жырлауына назар аударып, ұлттық поэзияның биік поэтикалық, эстетикалық деңгейін, сөз бен сурет үйлесімін бағамдауынан көрінеді. Диссертант бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындарды талдау арқылы мифтік сарынның көркем әдебиетте қолданылуының жаңа заманға тән қырларын, мифопоэтикалық танымның поэзиядағы көркемдік тәсіл ретінде қолданылуын, поэзияның философиялық-мифопоэтикалық құрылымының өзіндік терең сырлары мен көркемдік астарын ашуға тырысады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологизмді барынша ауқымда зерттеу мақсатында тарихи оқиғаларды мифологиялық өрнектермен сипаттаған халықтық поэзия жанрымен үндестігіне де назар аударады.

Қорыта келгенде, Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарын (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» атты зерттеуі философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті «Абай академиясы»
ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Ж.Әубәкір

